

## CONSEQUENCES OF CHANGING THE POLITICAL LIFE IN EGYPT DURING THE PRESIDENCY OF HOSNI MUBARAK

K. Zhanatayeva

Al-Farabi Kazakh national university,  
faculty of Oriental Studies, department of TURKSOY, Almaty, Kazakhstan.  
E-mail: Guljan73@inbox.ru

**Key words:** political instability, Egypt, Islamic organizations, political parties

**Abstract.** The current political instability in Egypt, as a leader among Arab countries, puzzled most of society. The purpose of this article is to reveal the prerequisites of political instability in Egypt. During the presidency of Hosni Mubarak, who ruled the country for many years, in Egypt spread phenomena such as authoritarianism, the increasing power of the National Democratic Party, corruption and repression against the opposition forces. Similarly a stable situation in the country affected by what the political regime in the country directed to the West, and the company relies primarily on Islam and the values of traditional systems. The clash between these two political cultures prevented to political institutions. Everyone knows that such a strategically important country in the Middle East were interested by external forces. Domestic socio-political differences of society of Egypt, foreign policy challenges and opposition forces will lead Egypt's political system into one channel.

## ХОСНИ МУБАРАК ТҰСЫНДАҒЫ ЕГИПЕТТІҢ САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ САЛДАРЫ

К. Б. Жанатаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Шығыстану факультеті, ТҮРІКСОЙ кафедрасы, Алматы, Қазақстан

**Тірек сөздер:** саяси тұрақсыздық, Египет, исламдық ұйымдар, саяси партиялар.

**Аннотация.** Араб елдерінің көшбасы саналатын Египет елінің бүгінгі күндегі саяси тұрақсыздығы тереңнен толғандырады. Мақаланы жазудағы басты мақсат Египеттегі саяси тұрақсыздықтың алғышарттарын ашып көрсету. Зерттеудің басты нысаны Египеттегі саяси үдерістердің өрбуі. Ұзақ жылдар бойы ел басқарған Х. Мұбарак тұсында Египеттің әлеуметтік-саяси жүйесінде қатаң түрдегі авторитаризмнің, Ұлттық-демократиялық партияның билікті өз қолына шоғырландыруы, жемқорлықтың етек алуы, оппозициялық күштерге қарсы репрессиялардың күшеюі тереңнен орын алды. Сондай-ақ, елдегі жағдайдың толыққанды тұрақты болуына саяси тәртіптің Батысқа қарай бағытталғаны, ал қоғамның әуелі исламға, дәстүрлік жүйе құндылықтарына сүйенуі әсер еткені сөзсіз. Осы екі саяси мәдениеттің қақтығысы нақты саяси институттардың қызмет етуіне кедергі келтірді. Таяу Шығыстағы стратегиялық маңызы бар бұл елге сыртқы күштердің де өзіндік мүдделері болғандығы құпия емес. Негізінен Египет қоғамының ішкі әлеуметтік-саяси қайшылықтары, оның сыртқы саяси қиындықтары мен оппозициялық күш-қуаты болашақтағы Египеттің саяси құрылымының бір арнаға түсуін анықтайтыны сөзсіз.

XXI ғасырдың басында болып жатқан Египет еліндегі саяси тұрақсыздықтың негізгі нышандары өткен ғасырдың аяғында-ақ сыр бере бастаған еді.

70-ші жылдардың аяғында «жаңа бағыт» Египетте «демократиялық тәжірибе» деген атауға ие көппартиялық жүйені құрды. Бірақ Египет президенті Әнуар ас-Садат көппартиялық жүйені қалыптастыру елдегі дағдарыстың өршіген тұсында өзіне қиын саяси жағдай туғызатынын топшаламаған еді. Елде заңды және жартылай заңды патиялардың құрылуы билікке қарсы мықты

оппозицияның пайда болуына әкелді. 1980 жылы көктемде құрамына оппозициялық партиялардың басым көпшілігі кірген Египет патриоттық майданының құрылуы «жаңа бағыт» жетекшілерін тығырыққа тірелтті [1].

Елде саяси қарсыластарға қарсы жаппай жазалау шаралары басталды. Мұсылман және қопт ұйымдары таратылды. Мемлекет көптеген мешіттерге бақылау орнатып, діни басылымдардың шығуы тоқтатылды. 1980 жылы исламдық ұйымдарға тыйым салынды. Шектен шықты деп саналған мұсылман экстремистеріне қатысты үкім шығарылды. 1981 жылдың қыркүйегінде Ә. Садаттың бұйрығы бойынша Израильмен бейбіт бітімге қарсы шыққан ислам ассоциацияларының 1500-ге жуық мүшелері тұтқындалды [2].

Бұл жаппай жазалау шаралары елдегі саяси жағдайдың күрт шиеленісуіне әкелді. Исламшылдар президентке Израильмен жасаған бейбітшілік бітімін кешірмеді. 1981 жылы 6-қазан күні Қазан соғысының жеңісіне орай ұйымдастырылатын кезекті әскери шеруде Халед Исламбули бастаған исламшылдар тарапынан президентке қастандық жасалынып, өлім жазасына ұшырады.

Осылайша елдегі ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдай, Израильмен бітім, сондай-ақ елдегі оппозицияға қатысты жаппай құғын-сүргін елдегі саяси жағдайды тығырыққа тіреген еді.

1981 жылы 13 қазанда Египетте референдум өткізіліп, жаңа президент Хосни Мұбаракқа сайлаушылардың 98,46%-ы дауыс берді. Билікке келе салысымен ел президенті елдегі әлеуметтік-саяси қиыншылықты жою мақсатында қоғамдық өмірді либерализациялауға бағытталған бірқатар қадамдар жасады.

1981 жылы 6-қазандағы саяси өрескелдіктен кейін ел ішінде оппозиция еркін қимылдап, елдің қоғамдық-саяси өмірінде өзінің ықпал өрісін кеңейте түскен еді. Оппозициялық күштер үкіметке қарсы сот істерін қозғап, жаппай еркін түрде ереуілдер ұйымдастыра алатын болды. «Аш-Шааб», «әл-Ахрар», «әл-Ахали», «әл-Уафд» және «әл-Умма» басылымдары бостандықты пайдалана отырып, саяси тәртіпті, тіпті, билік өкілдерінің жекелеген тұлғаларын ашық түрде сынауға қол жеткізген болатын.

Египеттің жаңа басшылығы өрістеп келе жатқан мұсылман дауы қозғалысын бір ғана құғын-сүргінмен баса алмайтындығын түсінді. Бірқалыпты партия жетекшілері қамаудан босатылып, қоғамда болып жатқан жайттарға қатысты өз пікірлерін еркін білдіруге мүмкіндік алды. Енді қайтадан «ад-Дауа» және «әл-Иатисам» діни журналдарының шығарылуына рұқсат берілді.

Дегенмен, Египетте 1983 жылы қабылданған «сайлау» туралы жаңа заң оппозицияға қатысты қатаң талабын сақтап қалды. 8%-дан кем дауыс жинаған партия сайлауға қатысу құқығынан айырылды.

Мұбарак әкімшілігі конституциялық институттар қызметінің жандануына, мемлекеттік және сот органдарының күшеюіне баса назар аударды. Соттар бұрынғы Президент кезінде қабылданған, конституцияға қайшы келетін декреттерді қайта қарастырып, күшін жоюға мүмкіндік алды [3].

Осы сәтті ұтымды пайдаланған Жаңа Уафд партиясы 1983 жылы тамызда өзінің қызметін қайта бастауға кірісті. 1984 жылы қаңтарда Мемлекеттік кеңес жанындағы жоғарғы әкімшілік соты ҰДП білдірген қарсылығына қарамастан Жаңа Уафд партиясын заңдастырды. Өйткені Х. Мұбарак оңшыл, буржуазияшыл, консервативтік ұлттық партияның қайта құрылуына рұқсат етті [4].

Жаңа Уафд партиясы президенттік басқарудың орнына көп мандатты парламенттік басқаруды қалады. Осылайша Жаңа Уафд партиясы қайтадан жанданып, орнығып, саяси күшке айнала бастады.

Сонымен бірге 1983 жылы ұлттық бағытты ұстанатын «әл-Умма» партиясы құрылды. «Әл-Умма» партиясы аймақтағы әділеттілікті орнату және басып алынған араб жерлерін азат ету үшін ұлы державалармен тепе-тең қатынас орнату керек екендігін мәлімдеді. Египеттің оқшаулануын қолдаған қарсылас топтардың ойын өзгертуге тырысты. Партия мүшелері Кэмп-Дэвид келісіміне қарсылық білдірген барлық топтарға, араб елдеріне Египет, бауырлас араб мемлекеттерінің қолдауына мұқтаж екендігін білдірткен болатын.

Елдегі рухани жағдайды ескерген Мұбарак түбегейлі шаралар жүргізуді қаламады. Бір жағынан ол мемлекеттік және заң жүйелерін исламдандыруды бәсеңдете отырып, елді түпкілікті түрде исламдандыруға қарсы шыққан қопт қоғамының басшыларын да қолдады. Президент басты екі дін өкілдері топтарының ынтымақтастығы – ұлттық бірлікте екендігін түсінді. «Әл-Уатан» қоптық газетінің қызметі қайтадан жанданды. Өткеннің ащы тәжірибесін ескерген жаңа басшылық діни

қайшылықтарды болдырмауға тырысты. Бірақ 1987 жылы қоптар мен мұсылмандар арасында кішігірім қақтығыс өтті. Қайткенмен де, биліктегілер екі діни топ өкілдері арасында тұрақты қатынас орната білді.

Сондай-ақ Мұбарак әкімшілігі ислам оппозиционерлеріне қатысты қатаң күрт шаралар қолданудан бас тартты. Ел Президенті радикалды ислам фундаментализміне қатысты мәселелер әлі де күн тәртібінде қала беретінін жақсы түсінген болатын. 80-шы жылдары-ақ Мұбарак ирандық Аятолы Хомейнидің фундаментализмді тарату туралы пікірін айыптаған еді. Өз билігінің алғашқы 12 айында түрмеден 4000 ислам белділерін босатып, елдегі саяси қысымды әлсіретті. Әрі өзінің жағына екі жақты болып тұрған ислам басшыларын тарта білді.

Жаңа басшылық елдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерді шешу барысында бір-біріне қарама-қарсы тұрған саяси күштердің арасында аз да болса келісім орнатуға тырысты. Осы мақсатпен Мұбарак бұрын тұтқындалған саяси партия өкілдерін босатуға шешім қабылдап, оларды ұлттық мүдде аясында диалог орнатуға шақырды [5].

Осылайша Мұбарак әкімшілігі ішкі саяси өмірді жандандыра отырып, оппозициялық партияларды қудалауды тоқтатты. Бірақ та, парламеттегі билеуші партия фракциясы аталған өзгерістерді енгізуге мүмкіндік бермеді. Дегенмен, билеуші ҰДП басшылығы өздеріне ел экономикасын либерализациялау бағытында берілген мүмкіндіктерден айрылып қалмас үшін өздерінің ықпалдарын сақтап қалуға тырысты.

Жаңа әкімшіліктің саяси өміріндегі басты оқиға болып көппартиялық жүйеге негізделген парламенттегі сайлау болды. 1984 жылы 27-мамырда өткен парламенттік сайлаудың алдыңғы өткен барлық сайлаулардан айырмашылығы болды. Алдындағы сайлау кампанияларында елдің өзекті мәселелеріне қатысты пікір-таластар жүрді. Шерулерде сөйлеуге мүмкіндік алды. Бірақ та, сайлаудың өту барысында жіберілген кейбір жалғандықтар және ҰДП-ның көрсеткен қысымдары оппозициялық партиялар тарапынан әділ түрде айтылып та жатты. Дегенмен, Египет стандарты бойынша сайлау еркін түрде жүргізілді.

Сайлау кампаниясында мемлекеттік аппаратқа және бұқаралық ақпарат құралдары көздеріне сүйенген ҰДП жеңіске жететіндігі ешкімге күмән туғызған жоқ. Нәтижесінде ҰДП 73 % дауыс жинап, 342 депутаттық орынды иеленді. Жаңа сайлау заңына сәйкес Халық жиналысында 390 депутаттық орынды иеленуге құқығы болғанымен, 15,1 % дауыс жинаған Жаңа Уафд партиясына 58 депутаттық мандат берілді.

1987 жылғы 6-сәуірде өткен парламент сайлауы нәтижесінде билеуші Ұлттық-демократиялық партия қайтадан депутаттық орынның басым көпшілігін иеленгенімен, бұл жолы оппозиция өзінің мандатын екі есеге көбейтуге қол жеткізді. Сайлау барысында ҰДП 448 депутаттық орынның 338-ін (69,6 %) иеленді. Әрі бұл сайлауда Президент жемқорлыққа батқан партияның оң қанатын жаңа күшпен толықтыруға үміттенді. Екінші орында құрамында СЕП, ЛСП және «Ағайынды мұсылмандар» ассоциациясы бар ислам альянсын тұрды. 8 % -дық көрсеткішті артта қалдырып, 36 депутаттық мандатқа ие болған Жаңа Уафд партиясы үшінші орынды алды. Дегенмен, олар бұрынғы сайлауға қарағанда 22 орыннан айрылды. Кезінде қызметіне тыйым салынған «Ағайынды мұсылмандар» ислам альянсы парламенттегі 60-қа жуық орынды иелене отырып, енді олар мемлекет шарифат заңдарына сәйкес басқарылуы керек деп мәлімдеме жасады [6].

1987 жылғы сайлау оппозициялық партиялар үшін жаңа қадам болып табылды. Парламенттегі ислам фундаменталистердің басым көпшілігі діни оппозицияны әлсірету, оның билікті сынауын жұмсарту, әртүрлі экстремистік-фундаменталистік ағымдарды бейтараптандыру үшін шақырылды.

1987 жылы қазанда жалпы ұлттық референдумда Хосни Мұбарак елдің президенті болып алты жылдық мерзімге қайта сайланды.

Дегенмен, елдегі әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шиеленісуі саяси жағдайдың қиындап кетуіне әкелді. 1988 жылы қаңтарда әл-Мине және әл-Махалл мекемелерінде өнеркәсіптік еңбекшілердің көтерілістері болды. Осы айда Александрия мен Асьютта студенттердің үкіметке қарсы қозғалысы болып өтті. Осындай халде мұсылман-діни оппозициясы Египетті қайта қалыптастыру, яғни Египетті азаматтық қоғамнан шарифат заңына негізделген теократиялық мемлекетке айналдырғысы келгендіктерін білдіріп, әрекет жасады.

Енді біразға дейін үкіметтің ислам оппозициясымен едәуір жақсырақ болып келген қарым-қатынасы күрделене түсті. Елде ислам альянсының күшейіп кетуінен қауіптенген үкімет заңды

және жартылай заңды діни оппозицияның қызметіне шектеу қоюды қарастырды. Өйткені олардың тарапынан үкіметті сынау күшейіп кетті. Әсіресе, 1988 жылы наурыз айында төтенше жағдай туралы заңды тағы да үш жылға, яғни 1991 жылдың қазан айына дейін созған соң тіпті үдей түсті [7].

1990 жылы сайлау заңына өзгертулер енгізілді. Парламент таратылып, жаңа сайлау жүргізілді. Бұған әрине алдыңғы сайлауда үлкен жетістікке жеткен «Ағайынды мұсылмандар» мен СЕП қарсы шықты. Осыдан бастап олардың сайлау органдарынан, кәсіподақтан шығарылуы қарастырылды. Олардың кейбір мүшелері тұтқындалып, «Ағайынды мұсылмандар» бақылап отырған «әл-Азхар» майданы таратылды.

1990 жылы қараша-желтоқсанда жүргізілген сайлау нәтижесінде үкіметтік ҰДП 348 орынды иеленді. Бұл сайлауда жалғыз оппозициялық партия ретінде солшыл ҰПП кандидатурасы халық жиналысына ұсынылып, 8 орынды иеленді. Ал 83 орынды «тәуелсіз» депутаттар иеленді.

Келесі 1995 жылы қараша-желтоқсанда жүргізілген сайлауда ҰДП 454 депутаттық орынның 417 орнын иеленіп, тағы да жеңіске жетті. Бұл билеуші партия өкілдеріне Консультативті Кеңесте де басым орын берілген. Олар 90 дауыстың 84-н өздеріне иемденеді.

1999 жылы қыркүйекте өткен Президентті сайлау бойынша жалпы ұлттық референдум елдің саяси сахнасында жаңа әлеуметтік күштердің пайда болғанын көрсетті. Бірақ кейінгі жылдары мысыр қоғамында сайлауға деген сайлаушылардың көзқарастары өзгере бастаған еді. Кейінгі жылдары парламенттік сайлау науқанына сайлауға құқығы бар азаматтардың түгелдей қатыспау үрдісі заңдылық құбылысқа айнала бастады. Өйткені мысырлық кедей топтарын мемлекеттік сектордың жұмысшылары құрайды. Күн көрістің қамын ойлаған бұл категориядағы тұрғындарды ешқандай да саяси мәселе қызықтырмайтыны, оларға елдегі саяси өмірден гөрі ақша маңыздырақ екені сөзсіз болатын. Оған 2000 жылғы парламенттік сайлауда сайлаушылардың тек 23 %-ның қатысуы айғақ.

Осындай жүйе билеуші топқа заң шығарушы да, атқарушы да билікті өз қолдарына шоғырландыруға мүмкіндік туғызды. Осылайша Хосни Мұбарактың билігінің соңғы жылдарында да өткен сайлауларда осы үрдіс қайталанып отырды. Елде Х. Мұбарактың билікте ұзақ жылдар бойы отыруы оның айналасындағылардың жемқорлыққа әбден шырмалуына да әкеліп соқтырған еді. Тіпті елдің әлеуметтік жағдайының шиеленісе түсуі билікті әбден өз қолдарына шоғырландырып алған үкіметті жылдан жылға аз толғандыра түсті. Біртіндеп елдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарыс тереңдей түсіп, 2010 жылғы «араб көктемінде» әкеліп тірелткен еді. Билікке толық сеніммен келген Х. Мұбарактың осылайша биліктен кетуі, елді қайтадан саяси тұрақсыздық жағдайда қалдыруы өкінішті-ақ.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Новейшая история арабских стран Африки. – М.: Наука, 1990. – 72 с.
- [2] Згерский Д. Охота за ведьмами // Новое время. – 1981. – № 3. – С. 14-15.
- [3] Мустафа Абу Зейд Фахми. Египетский конституционный строй. – Каир: Maarif, 1984. – 305 с.
- [4] Макдермотт А. Египет от Насера до Мубарака: неудавшаяся революция // Реферат ИНИОН АН СССР (специализированная информация). – 1990. – 10 с.
- [5] әл-Ахбар. – 13.10.1984.
- [6] әл-Ахрам. – 12.04.1987.
- [7] Беляков В. Египет: рождение «второй республики» // Азия и Африка сегодня. – 2006. – № 4.

#### REFERENCES

- [1] Novejšhaja istorija arabskih stran Afriki. M.: Nauka, 1990. 72 s.
- [2] Zgerskij D. Ohota za ved'mami. Novoe vremja. 1981. N 3. S. 14-15.
- [3] Mustafa Abu Zejd Fahmi. Egipetskij konstitucionnyj stroj. Kair: Maarif, 1984. 305 s.
- [4] Makdermott A. Egipet ot Nasera do Mubarak: neudavshajasja revoljucija. Referat INION AN SSSR (specializirovannaja informacija). 1990. 10 s.
- [5] әl-Ahbar. 13.10.1984.
- [6] әl-Ahram. 12.04.1987.
- [7] Beljakov V. Egipet: rozhdenie «vtoroj respubliki». Azija i Afrika segodnja. 2006. N 4.

---

---

**ПОСЛЕДСТВИЯ ИЗМЕНЕНИЙ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ ЕГИПТА  
ВО ВРЕМЯ ПРЕЗИДЕНТСТВА ХОСНИ МУБАРАКА**

**К. Б. Жанатаева**

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, факультет Востоковедения, кафедра ТЮРКСОЙ,  
Алматы, Казахстан

**Ключевые слова:** политическая нестабильность, Египет, исламские организации, политические партии

**Аннотация.** Нынешняя политическая нестабильность Египта как лидера среди арабских стран озадачила большую часть общества. Целью данной статьи является раскрытие предпосылок политической нестабильности Египта. Во время президенства Хосни Мубарака, который правил страной в течение долгих лет, в Египте распространились такие явления, как авторитаризм, усиление власти Национально-демократической партии, коррупция, репрессии против оппозиционных сил. Также на стабильную ситуацию в стране влияло то, что политический режим в стране был направлен на Запад, а общество опиралось, в первую очередь, на ислам и ценности традиционной системы. Столкновение этих двух политических культур мешало деятельности политических институтов. Всем известно, что такой стратегически важной страной на Ближнем Востоке были заинтересованы и внешние силы. Внутренние социально-политические разногласия общества Египта, внешнеполитические трудности и оппозиционные силы приведут политическое устройство Египта в одно русло.

*Поступила 20.03.2015 г.*